

Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 506 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 тамызда № 11892 болып тіркелді.

"Ғарыш қызметі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті (Т.А. Мұсабаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімдік баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

2015 жылғы 28 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі

_____ И. Тасмағамбетов

2015 жылғы 14 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

_____ М. Құсайынов

2015 жылғы 29 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 10 шілде

Қазақстан Республикасы
Инвестиция және даму министрінің
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 506 бұйрығымен
бекітілген

Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 27.01.2023 № 30/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғарыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес әзірленді және пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату тәртібін айқындайды.

2. Әскери (қосарлы) мақсаттағы кәдеге жаратылған объектілер мен техникалық құралдарды кәдеге жарату, сондай-ақ іске асыру, беру, есепке алу, есептен шығару "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес іске асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) кәдеге жарату – өз ресурсы сарқылған, табиғи тозған, кәдеге жарататын ғарыш объектілерінің және техникалық құралдардың бөлшектерін, тораптарын және материалдарын қайта пайдалану және қалдықтарды екінші материалдық немесе энергиялық ресурстар ретінде пайдалану мақсатында шарттық міндеттемелерге сәйкес жойылатын пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды бұзуды, бөлшектеуді, қайта өңдеуді, ғарыш аппараттарын деорбитациялауды қамтамасыз ететін ұйымдық-техникалық іс-шаралар мен технологиялық процестердің кешені болып табылатын ғарыш объектілері мен техникалық құралдардың өмірлік циклінің соңғы сатысы;

2) техникалық құралдар – ғарыш жүйелері мен ғарыш зымыран кешендерінің құрамына кіретін және пайдаланудың барлық кезеңдерінде олардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін техниканың кез келген (механикалық, электр, электромагниттік, электрондық) түрі;

3) ғарыш аппараттарын деорбитациялау (бұдан әрі – деорбитациялау) – ғарыш аппараттарын олардың пайдалану мерзімі өткеннен кейін жерлеу орбитасына шығару (Жердің геостационарлық орбитасындағы ғарыш аппараттары үшін) немесе атмосфераның тығыз қабаттарына қайтару (төмен және орта Жер орбиталарындағы ғарыш аппараттары үшін) арқылы Жер орбитасында кәдеге жаратуға арналған ұйымдық-техникалық іс-шаралар кешені.

2-тарау. Пайдаланудан шығарылған ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату тәртібі

4. Мыналар:

1) сақтаудың кепілді мерзімі өткеннен кейінгі ғарыш аппараттары, тиісті макеттер мен оқу-жаттығу құралдары;

2) тасымалдағыш зымырандардың, екпін алу блоктарының және ғарыш аппараттарының (оның ішінде дайындаушы зауытта орналасқан) жабдықтары;

3) қайта жаңарту немесе күрделі жөндеу кезінде босайтын техникалық құралдар;

4) пайдаланудан шығарылған техникалық құралдардың құрамдас бөліктері;

5) мақсаты бойынша пайдаланғаннан және Жерге қайта оралғаннан кейін ғарыш аппараттарының түсу аппараттары мен капсулалары кәдеге жаратуға жатады.

4-1. Жер орбитасында орналасқан ғарыш аппараттарын пайдаланудан шығару деорбитация жолымен жүргізіледі.

Деорбитацияны ғарыш аппараттарының ағымдағы техникалық параметрлері негізінде ғарыш қызметін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар жүзеге асырады.

5. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жаратуға ұсыну үшін:

1) нормативтік-техникалық құжаттамада айқындалған пайдалану мерзімінің өтуі;

2) табиғи тозу (пайдалану мерзімі өткенге дейін);

3) ескірген жабдықты жоспарлы ауыстыру;

4) қолайсыз климат факторларының, дүлей апаттардың, өрттің әсері салдарынан жөндеудің және қалпына келтірудің экономикалық тұрғыдан орынсыздығы;

5) тікелей мақсаты бойынша пайдалану қажеттілігінің болмауы негіз болып табылады.

6. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату үшін ғарыш қызметін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар кәдеге жаратылуы тиіс ғарыш объектілері мен техникалық құралдардың тізбелерін ғарыш қызметі саласындағы уәкілетті органның ведомствосына (бұдан әрі – ведомство) жолдайды, онда:

1) атауы, индексі;

2) шығарылған жылы;

3) зауыттық нөмірі (бар болса);

4) саны;

5) жиынтықтаушы бұйымдардың болуы;

6) орналасқан жері немесе қойма орны;

7) техникалық құжаттаманың болуы көрсетіледі.

7. Осы Қағидалардың 4.1-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, ведомство кәдеге жаратылуы тиіс ғарыш объектілері мен техникалық құралдардың тізбелерін алған сәттен бастап жиырма жұмыс күні ішінде оларды ғарыш объектілері мен техникалық құралдарға қажеттілікті айқындау үшін ведомствоның қарамағындағы ұйымдарға жолдайды.

8. Ведомствоның қарамағындағы ұйымдар кәдеге жаратылуы тиіс ғарыш объектілері мен техникалық құралдардың тізбесін алған сәттен бастап жиырма жұмыс күні ішінде тиісті ғарыш объектілері мен техникалық құралдарға қажеттілікке еркін нысандағы жазбаша өтінімді ведомствоға жолдайды немесе ондайдың жоқтығы туралы жазбаша хабарлайды.

9. Ведомство ғарыш объектілері мен техникалық құралдарға қажеттілікке өтінімдерді алғаннан кейін кәдеге жаратылуы тиіс ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды ведомствоның қарамағындағы ұйымдарға:

1) жеке меншіктегі ғарыш объектілері мен техникалық құралдар үшін – Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде;

2) мемлекеттік меншіктегі ғарыш объектілері мен техникалық құралдар үшін – "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен беруді ұйымдастырады.

10. Осы Қағидалардың 4.1-тармағында көрсетілген немесе ведомство ғарыш объектілері мен техникалық құралдарға қажеттілік жоқ екендігі туралы хабарлама алған жағдайда, осы ғарыш объектілері мен техникалық құралдар кәдеге жаратуға жатады, бұл туралы ведомство осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген жеке және

(немесе) заңды тұлғаларға ғарыш объектілері мен техникалық құралдар алған сәттен бастап қырық жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлайды.

11. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) ғарыш объектілері мен техникалық құралдардың жекелеген жүйелері мен элементтерін өнеркәсіп бұйымдары және халық тұтынатын тауарлар ретінде пайдалану ;

2) жаңғырту және жаңа үлгілер жасау кезінде кәдеге жаратылатын ғарыш объектілері мен техникалық құралдардың жиынтықтаушы бұйымдарын пайдалану;

3) кәдеге жаратылатын ғарыш объектілері мен техникалық құралдар үлгілерінің жабдықтарын, агрегаттарын, тораптарын, бөлшектерін және материалдарын запас бұйымдар мен аспаптар ретінде пайдалану;

4) кәдеге жаратылатын ғарыш объектілері мен техникалық құралдар үлгілерінің жабдықтарын, агрегаттарын, тораптарын, бөлшектерін және материалдарын ғарыш саласының мамандарын даярлау жөніндегі оқу мекемелері мен оқу орталықтарының зертханалық жабдықтары ретінде пайдалану;

5) кәдеге жаратылатын ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды өнеркәсіптік қайта өңдеу және кәдеге жарату өнімдерін өндірісте, экономиканың басқа салаларында (қара, түсті және қымбат бағалы металл сынықтары, материалдар және заттар) пайдалану;

б) деорбитация.

12. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу процесі мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды:

1) ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды қауіпсіз күйге келтіру;

2) қорғау құжаттарының болуын тексеру (қажет болған жағдайда);

3) құпиясыздандыру (қажет болған жағдайда);

4) лицензиялау және (немесе) сертификаттау (қажет болған жағдайда);

5) тікелей кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру.

13. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдар меншігіндегі немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе оперативтік басқаруындағы жеке және (немесе) заңды тұлғалар оларды кәдеге жарату алдында жарылыс қаупі бар тораптар мен бөлшектерді алу, улы заттар болған ыдыстарды бейтараптандыру арқылы қауіпсіз күйге келтіруді қамтамасыз етеді. Бұл жұмыстар қауіптілігі жоғары жұмыстарға жатады және оларды " Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша оқу оқыған және білімін тексеруден өткен (емтихан тапсырған) қызметкер орындауы тиіс.

14. Құпиялық белгісі бар ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды құпиясыздандыру "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес жүргізіледі.

15. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату тәсілдері нормативтік-техникалық құжаттарда, халықаралық келісімдер мен шарттарда белгіленеді.

16. Таңдап алынған технологияларға және экономикалық орындылығына байланысты ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату олар пайдаланылатын (сақталатын) жерде немесе ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды, сондай-ақ олардың құрамдас бөліктерін кәдеге жаратуды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдарда жүргізіледі.

17. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату жұмыстары ғарыш техникасының нақты үлгісінің жобалау-конструкторлық ұйым әзірлеген және бекіткен техникалық процестеріне сәйкес (бұдан әрі – техникалық процестер) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Экология кодексі), "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 21934 болып тіркелген) талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

18. Кәдеге жаратуға жататын мүлікті Экология кодексінің 320-бабының талаптарына сәйкес келетін оны сақтау орындарынан тыс жерлерге (өнеркәсіптік алаңдарға немесе өндірістік цехтарға) шығару кәдеге жаратуды жүргізетін ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

19. Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда шаруашылық жүргізу немесе шұғыл басқару құқығындағы немесе мемлекет қатысатын заңды тұлғаларда меншік құқығындағы ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату жұмыстары осы ұйымдардың меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі.

Республикалық мемлекеттік мекемелерде шұғыл басқару құқығындағы ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату жұмыстары республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Ғарыш қызметін жүзеге асыратын жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларда меншік құқығындағы ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату жұмыстары олардың меншікті қаражаты есебінен жүргізіледі.

20. Ғарыш объектілері мен техникалық құралдар меншігінде болған ғарыш қызметін жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар ғарыш объектілері мен техникалық құралдарды кәдеге жарату аяқталғаннан кейін оларды кәдеге жарату фактісін растайтын құжаттарды ғарыш объектілерінің тіркеліміне тиісті жазба енгізу үшін ведомствоға ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК